ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 19 маусым №3115-25-00-2/1235 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Б. Қойтекеева,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы - 5449 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«BEREKE TECHNICS» қоғамдық бірлестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 267-4-бабын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы - 5449 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «BEREKE TECHNICS» қоғамдық бірлестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«BEREKE TECHNICS» қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы-5449 әскери бөлімі» Республикалық мемлекеттік мекемесі
Тіркеу № 1-24-110/14
20 25 ж. «14» 08

Scanned with CamScanner

Scanned with CamScanner

«BEREKE TECHNICS» қоғамдық бірлестігі 157 491 (бір жүз елужеті мың төрт жүз тоқсан бір) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы республикалық бюджеттің кірісіне өндірілсін.

Жауапкер «BEREKE TECHNICS» қоғамдық бірлестігінен мемлекет кірісіне 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде, Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С.Б. Қойтекеева**

ТӨРЕЛІК» АҚПАРАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- СОТ ӨНДІРІСІ -
- Судопроизводство -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

Құжатқа қол қойылған: Қойтекеева С. Б., 19.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 31.07.2025, судья Калымханов Е. А., 31.07.2025